

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Ұлытау – ұлт ұясы



Биыл Нұрсұлтан Назарбаевтың тұңғыш рет Ұлытауға барып, Мемлекет басшысы ретінде тәу еткеніне, Хан ордасында салтанатты түрде ата-баба салтымен таққа отырғанына 20 жыл толады. Бұл – ресми сапар ғана емес, тарихымызға алтын әріптермен жазылған ұмытылмас оқиға. Сондықтан киелі Ұлытау жерінде өткен дүбірлі мерекені оқырмандарға кеңірек таныстыруды жөн санадық.

1. ТАРИХ СЫРЫ

Ұлытауым – баба тауым, бақ тауым,
Сол атыңды қандай ғажап сақтауың.
Жарасып тұр жаңа ғасыр есігін,
Абыройлы айбыныңмен аттауың.
Аппақ басын саған иген Алатау,
Құрмет саған көрсетеді Қаратау.
Еншісіне жеке тиген қазақтың –
Жалғыз сенсің даламдағы дара тау.
Мұқаш СЕЙІТҚАЗИНОВ.

Ұлытау!

Киелі Ұлытау!

Ата-бабаларымызға астана болған Ұлытау!

Хандарымыз бен батырларымыздың, билеріміздің панасы болған Ұлытау!

Ұлытау орта ғасырларда Дешті Қыпшақ деп аталған. Яғни, қыпшақтардың елі болған. Геродоттың жазбаларында Ұлытау «Сақтардың тауы» деп аталған. Сақ падишасы Томирис (Тұмар) қанішер Кирді Сыр бойынан бері қарай өткізбеу үшін осы Ұлытаудан аттанған екен. Сақтың өжет, батыр қызы Кирдің басын кесіп алып, шүпілдеп тұрған қанды меске батырған. «Тірі кезінде қанға тоймап едің, енді іше ғой», депті Тұмар қыз.

Ғұндардың айбарлы Атилласы да өз армиясын осы Ұлытауда жасақтапты.

Ұлытауды басып алуға құмар болған Александр Македонский мен Юлий Цезарь да осы Ұлы Далаға жете алмаған. Сыр бойында жеңіліс тапқан.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы осы сайын даланы мәңгілік тұрақ еткен. Ал Шығыс Еуропаны билеп, ойрандаған Бату болса, өз жасағын Ұлытауда жинаған.

Алтын Орда хандары Тоқтамыс пен Едіге де Ұлытаудың ұшар шыңында жатыр. Асан Қайғының досы Ақмешіттің зираты да осында.

Академик Әлкей Марғұланнның айтуынша, Тұранның атақты ханы Афрасиаб өмірінің соңғы кезеңін осы жерде өткізген.

Әлемге әйгілі Әмір Темір өзінің Ұлытауда болғандығын Алтын шоқы тауындағы үлкен тасты балқытып, қылышымен жазып қалдырған. Мақтаныш тұтқан. Жазуы Эрмижада тұр.

Кетбұға, Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Барак, Көшім, Абылай, Әбілқайыр, Ақжол би, Төле би, Әйтеке би, Қаз дауысты Қазыбек би, т.б. Ұлытаудағы кәусар бұлақтан су ішіп, шөл басқан.

Үш жүздің үш биі 1723 жылы Арғанаты бойындағы Балбұлақтың басында бас қосады. Билердің шешімімен Қанжығалы Бөгенбай жаңадан құрылатын жасақтың бас қолбасшысы болып тағайындалады.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында Ұлытаудың даңқы жоңғарларға күшті тойтарыс беруімен шықты. Шайқас болған жер «Қалмаққырған» деген әйгілі атпен тарихта қалды.

XIX ғасырдың ортасындағы Кенесары Қасымұлының, 1916-1917-жылдардағы Амангелді Имановтың ұлт-азаттық көтерілістері де Ұлытаудан күш-жігер алып, қайраттанған.

Токетері, Ұлытау өлкесіндегі 636 тарихи-мәдени ескерткіштің сақталуы тегін емес (оның 282-і Үкіметте тіркелген). Атап айтар болсақ, Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл,

Басқамыр, Ерден, Едіге, Алтын шоқы, Хан Ордасы, Сандыбай – адамзаттың асыл казынасы.

Әлкей Марғұлан атамыз Ұлытау мен Кішітаудың аттары қырғыздың «Манас» жырында аталатындығын тәптіштеп жазып кеткен болатын.

Геродот өз жазбаларында Ұлытаудың тарихта тұңғыш рет мыс өндірген өлке екендігін, металлургияның атасы екендігін ескертсе, академик Қаныш Сәтбаев «Адамзаттың алғашқы мыс өндірген жері – Ұлытау (Жезқазған)» деп атап көрсетті.

Осынау қасиетті даладағы өсімдік әлемінің сан алуандығын, құстардың сонау Жерорта теңізі, Үндістан, Азия мен Африка елдерінен мың-мыңдап ұшып келіп жататындығын айтпағанның өзінде, аудан көлемінде 11 өзен мен 11 көл сақталған.

«92 баулы қыпшақ» деген ертеден келе жатқан сөз бар халқымызда. Ұлы тауда 92 бұлақ болған десе-ді. Қазірдің өзінде олардың саны аз емес. Эпидемиолог дәрігерлер қазақ жеріндегі ең таза судың Ұлытауда екендігін, оның бірнеше ауруға шипа болатындығын талай мәрте мәлімдеген.

Ұлытау десек, есімізге көп-көп сырлы әңгіме түсері анық. Бір ақиқат бар, ол – осынау киелі жердің қазақы Ұлы Даланың нақ кіндік тұсы екендігі. Дешті Қыпшақ заманында (XIII ғасырдан бас тап – А.С.) көктем туа салысымен алыстағы ел-жұрттың төрт түлік малымен қоса Ұлытауға бет түзеп, суық түскенде ғана жан-жаққа тарағандығы дәлелдеуді қажет етпейтін дерек. Қазірдің өзінде есептеп көрер болсаңыз, барлық облыстардың тікелей жол арқылы жақын жатқандығын аңғару қиын емес.

Кең құшағына Еуропаның Швейцария, Голландия, Дания тәрізді елдерін еркін сыйдыра алатын Ұлытаудың жер көлемі Қызылорда облысының жартысына тең. Оның үстіне 1959 жылдан бері осы облысқа 1 млн. 200 мың гектар алқабын жалға беріп отырғанын ұмытуға болмайды. Бүгінгі таңда осы жалға алынған жерден Қызылорда күллі мұнайы мен газының 80 пайызын өндіріп отыр. Демек, Ұлытау – Қызылорда облысын асырап тұр деген сөз. Мұны азырқансаңыз, ауданның алты бірдей облыспен шектесетіндігін еске алыңыз.

Ұлытау, Кішітау, Арғанаты, Едіге тауларын айтпағанның өзінде, республика халқы Ақмола деп аталатын таудың осы өңірде орын тепкендігін біле ме десеңізші? Ал Астанамен арақашықтығы небәрі 300-400 шақырым (төте жол).

Бастауы осы маңнан ағып жатқан Үлкен және Бала Терісаққан өзендері Есіл, Обь арқылы Солтүстік Мұзды мұхитқа; Сарыкөңгір, Қаракөңгір, Жезді, Жыланды өзендері Сарысуға; Сарыторғай, Қараторғай, Жыланшық, Саба, Дулығалы өзендері Торғайға құяды.

Шыңғыс хан заманында Төле бидің бабасы Майқы би Алаш баласының еншісін осы жерде бөліп берген деген аңыз бар. Кейін қазақтың үш биінің – Төленің, Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтекенің Ұлытауда бас қосып, жоңғарларға қарсы соғыс ұйымдастыруды ойласқаны тегін болмаса керек.

Жошы ханның ұлы Батудың (1235), Ақ Орда билеушісі Орыс ханның, Алтын Орда билеушілері Едіге мен Тоқтамыстың, Әмір Темірдің, Керей мен Жәнібек, Қасым мен Абылай хандардың, Нұралы ханның, Кетбұғы, Барақ, Көшім, Әбілқайыр, Ақжол, Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Кенесары ханның, т.б. ұлы бабаларымыздың Ұлытауда болғандығы тарихи оқиға.

Осынау қасиетті өлкеден IX-XVII ғасырларда өмір сүрген 12 қаланың жұрты табылған. Сарысу бойында 40- тан астам қала болғандығын археологтар дәлелдеп шықты. 92 бұлақтың аққандығы да тарихи ақиқат. Бәлкім, «Тоқсан екі баулы қыпшақ» деген сөздің шығу төркіні де осы жерге байланысты шығар. Не десек те, қазірдің өзінде 11 көлдің сақталып отырғандығы жоғарыдағы деректің тегін еместігін меңзейтін тәрізді.

Мынандай аңызға мән бермесе қиянат болар ма еді. Заратуштра (түрікше Зердеш) бала кезінде Ұлытауда ұйықтап жатып, белгісіз бір күштің өзін көтеріп, биікке шығарғандығын сезеді. Бір мезет айналадағы қараңғылық сейіліп, адам айтса сенгісіз аппақ нұр қазіргі қазақ даласын жарқыратып, сәулесін шашып тұрады. Құдіретті Алла

тағаланың нұр сипатын көрген Зердешке періштелері «Адам баласын жақсылыққа жеткізі!» деген өсиетті жеткізіпті.

Тағы бір деректі айтпасқа болмайды. Жанайдар Орынбаевты Кенесары хан «Сұңқарым» деп атапты. Себебі, ол көзсіз мерген болыпты. Жанайдардың ұлы Мейрам әкесінің орнына болыс болып сайланып, ұлтымыздың мәдениетіне ерекше үлес қосқан. Ол 1876 жылы СанктПетербургте өткен ориенталистердің III конгресіне Ұлытаудан киіз үй апарып сыйлаған. Осы ұлттық құндылық әлі күнге дейін Эрмитажда сақтаулы.

Енді Ұлытауда кіндік қаны тамған қандастарымызды таныстыралық. Алаш үкіметінің мүшесі Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров, халық батыры Амангелді Иманов, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, бірінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Төрағасы Әбдісәмет Қазақбаев; ақындар Жанкісі Басыбайұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Тайжан Қалмағанбетов, Иманжан Жылқайдаров, Омар Қунақұлы, Болман Қожабаев, Нияз Ожанұлы, Балқыбай Балмағанбетов, Тәжібай Әлмұхамедов, Баржақсы Жансүгірұлы, Мұқан Иманжанов пен Баубек Бұлқышев, Жүрсін Ерманов, Әнуар Омаров; академик Төрегелді Шарманов, белгілі публицист Камал Смайылов, т.б.

Ұлытау – хандар мен билердің, әулиелердің, батырлардың ордасы. Қазақтың үш жүзінің басын қосқан киелі мекен. Сондықтан мұндағы қарбалас шақ ешқашанда тоқырауға ұшырауға тиіс емес. Осынау тарихи міндетті атқаруға аудан әкімі Әнуар Омаровтың қарымы да, қайрат-қуаты да, білімі мен білігі де жетеді. Өйткені, қасиетті Ұлытау тумысынан адам баласының жақсылығы үшін жаратылған.

Біз осы қағидаға сенеміз.

Біз Ұлытаудың ұлылығына сенеміз.

Біз Ұлытау аман тұрғанда Қазақ мемлекетінің бауыры бүтін, берекесі мол болатынына сенеміз.

2. ХАН ОРДАСЫНДА

Ұлытаудың ертеден қалыптастырған бір сүйікті әдеті бар еді. Хан ордасына келген ардақты қонақтарға «Қаракеңгір» кеңшарының директоры Әліпбек Бекетаев ағамыз тарих жөнінде шежіре сыр шертетін.

«Мен бұл аңызды академик Әлкей Марғұланнан естідім, – деп бастар еді ол сөзін. – Біз тұрған Әбілқайыр хан ордасының (Кіші жүздегі Әбілқайыр емес – А.С.) қорғаны 5-6 метр биіктікке жеткен. Айналасы сумен қоршалған. 100 мың атты әскер Ақкөл жағында тұрған. Жан-жақтан қарауыл төбе қойылған. Барлаушылар шоқыларда отырған. Хан нөкерлерімен Арғанаты тауында аң аулаған.

Әлкей ағамыз Айбас дарасынан қола заманға жататын құмыра, тостаған, білезік, т.б. ескі бағалы заттарды тапқан. Қарап отырсаңыз, қазақтың тарихы осы Ұлытаудың бойында жатқандай. Мәселен, Едіге батырдың тау басындағы бейіті, Сарысу даласындағы «Таңбалыдағы» үш жүздің таңбасы, Асан Қайғының досы Ақмешіт әулиенің зираты, айта берсек, толып жатыр. Әбілқайыр хан ордасы шамамен 1427 жылдары тігілген.

Бұл өлкеде кімдер болмады дейсіз? Ал Абылай хан ордасы болса, осы жерден аса қашық емес. Қаракеңгір өзенінің жағасында.

Оқиғаны бастамас бұрын уақыт тілін 21 жылға шегерелік. Сол кездегі аудан әкімі Серік Тілеубаев 1992 жылы Алматыда тұңғыш рет өткізілген фермерлер съезіне қатысады. Маңызды шараны Президенттің өзі жүргізеді. Жиын соңында «Кімде қандай сауал бар?» деп залға қарайды. Серік Тілеубайұлы орнынан тұрады. Жанында отырған Жезқазған облысының әкімі Юрченко жеңінен тартады. Одан ығатын Секең бе?

– Нұреке, Ұлытауға бір келетін кезіңіз болды ғой, – деп қойып кеп қалады. Қазақшаны түсінбейтін облыс әкімі: «Не дедің?» деп тағы бір сыбауды ұмытпайды.

– Серік, барамын Ұлытауға. Жақында барамын, – деп Мемлекет басшысы уәдесін береді.

Ұлытаулықтар тұңғыш рет 1993 жылдың қыркүйегінде қасиетті жерге келген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты хан ретінде құшақ жая қарсы алды. Әбілқайыр хан отырған дала төсіне зәулім Хан ордасы тігіліп, Нұрсұлтан Әбішұлының иығына оқалы шапан жабылып, асатаяғымен кәдімгідей тақта отырады. Бұл тек Ұлытау ғана жасай алатын, Ұлытау ғана орындайтын ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі салт болатын.

Қүдіретті топырақтың киесінің белгісі болар, жақын жерде тұрған қарттар нағыз ханды көргендей көздеріне жас ала бастайды. Бұл жерде де Серік өзінің батыл мінезін танытып қалады.

– Нүреке, – дейді ол қасында тыныш тұрмай, – халқыңыз қуанғаннан жылағалы тұр ғой...

– Серік-ау, – деп іле жауап беріпті сонда Президент, – мен жыласам не болатынын білесің бе?

«Елбасының тапқырлығына, ақылдылығына таңғалдым, – деді кейін Серік Тілеубайұлы бізге. – Қарап тұрмай, орынсыз сауал қойғаным өкіндім».

– Мемлекет басшысының алғашқы сапары болғандықтан ба, Хан ордасына өтуіміз қиынға соқты, – деді бізге Мұхтар аға Бәйменов. – Директорлардың ішінен «Қаракенгір» шаруашылығының басшысы Әліпбек Бекетаев ағамыз екеуімізге ғана рұқсат берілді. Мен ол кезде «Егінді» кеңшарын басқаратынмын.

Хан ордасындағы дайындығымызды Президенттің көмекшісі Иманғали Тасмағамбетов бақылады. Аудан әкімі Серік Тілеубайұлы, қайдан алғаны белгісіз: «Он екі рудан он екі кісі аккиізді көтеруі керек», деп тақ үстіне төселген үлкен киізді он екі жағынан ұстатты бізге.

Нұрсұлтан Әбішұлы ортадағы таққа келіп отырғанда, Әліпбек ағам:

– Хан ием! Хан ием! – деп дауыстады. Біз: «Не болар екен?» деп елендестік. Президент біршама уақыт үнсіз қалды. Әлде, тебіренді ме екен?

– Қоя тұрыңыз, әр нәрсенің өз реті болады, – деді сосын бойын тіктеп ұстап.

Бір кезде Президентпен далаға шықтық. Нүрекеңнің жанына тұрып қалған екенмін, біреу ерттелген көк атты жетектеп әкелді. Ешкім ештеңе деген жоқ. Президент атқа мінбекші болды. Сол жақ үзеңгіге аяғын сала бергені сол-ақ еді, аты құрғыр мөңкіді. Қатты қорыққаным соншалықты, Нүрекеңе қарадым. О, құдірет! Не байқады дейсіз бе? Елбасының жүзінде еш қобалжу жоқ. Өзіне бек сенімді. Құдды осы атқа күнде мініп жүрген атбегі сықылды. «Жас күнінен небір асау атты жуасытып үйренген-ау, шамасы. Әлде, жылқы бақты ма екен?», терең ой құшағында жәй тұрмаппын. Сәйгүлікке секіріп мінген Нүрекеңе тас қылып ұстап шылбырды бермеппін. «Жұрт қарап тұр, жіберіңіз», дегенде ғана ұйқыдан жаңа оянғандай болдым. Бір қарасам, Президент жүйрік атпен қырға қарай шауып бара жатты.

«Біттік! – деп қасыма жетті жан ұшырып, аудан әкімі. – Атқа мінгізу протоколда жоқ. Тек құлап қалмаса екен!». Мына сөзден кейін тіпті зәрем ұшты. Жожок! Нүрекеңнің астындағы асау жуасып қалыпты. Желдіртіп шауып келеді. Жиналған халық ырза болысып, ду қол шапалақтады.

Бір өкініштісі (әлде, осындай сая сат болды ма? – А.С.), Елбасының Ұлытауда сөйлеген сөзі Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінен («Алар асуымыздың бәрі алда», Ұлытауда сөйлеген сөзінен, 1993 жыл, 18 қыркүйек) басқа баспасөз беттерінде жарияланбады. Сондықтан біз Мемлекет басшысының айтқандарын мұрағаттан алып, назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Өткенде Ордабасыда бүкіл халықты жинап, үлкен мерейтой өткіздік. Әрине, Ұлытаудың орны басқа. Дегенмен, сол кезде қазақ халқының үш дана биі ортақ жауға қарсы тұру үшін елдің басын жинап, бас сардарды сайлап, жауға қарсы қойып, қантөгіс қырғында елдің тәуелсіздігін сақтап қалды. Ал оның басы осы Ұлытауда басталған болатын. Тарихты жөндеп, бүгін таласып жататын уақыт емес. Оны тарихшылар жөндей

берер. Осы күні неше түрлі әңгімелер айтылып жүр. Әр ауылда, әр облыста өзінің жағдайымен айтады. Ал ата-бабадан қалған деректер бойынша ең бірінші қазақтың басы қосылған жері – осы жер. Мұның өзінің тарихи мағынасы бар. Ұлытаудың басына ылғал жиналып, төңірегі көгерген кезде бүкіл қазақ жайлауға келеді екен. Шақырып жатудың ешқандай қажеті жоқ. Өздері жиналады. Осы жерде сол халықтың, әр рудың, әр тайпаның, әр елдің әкімдері жиналып, өздерінің басшыларын сайлаған. Сондай сайлаудың ең басы XI ғасырдың басында осында болған дейді. Халық жиналып, өзінің ханын сайлап, киізге көтерген жері осы жер екен. Сондықтан, біз солай деп есептеуіміз керек.

Қазақтың басы қосылып ел болып отырғаны мың жыл десек, ешқандай қиянаттық болмайды.

Есім ханнан кейінгі деректер бойынша Едігені хан сайлаған – Ұлытау.

Тоқтамысты хан сайлаған да Ұлытау.

Абылайды хан етіп киізге көтерген де Ұлытау.

Бабаларымыздың ойлаған ойы мен арманына әруақыт табынамыз. Сол жолды алға қарай апарамыз. Біздің тарихымыз үзілмейді, алға қарай жалғаса береді, алға жүре береді деп айтқым келіп тұр.

Біз тәуелсіздікті жариялауын жарияладық. Саяси тәуелсіздігіміз бар. Ал енді аяғымыздан тік тұрып, нағыз тәуелсіз мемлекет болуға бірталай көмек керек. Бірталай еңбек керек. Асығып, саспау керек. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Барлық ұлттың өкілдерімен бірге Қазақстан экономикасын көтеріп жатырмыз. Өз халқының өсуі үшін елдің достығы, елдің бірлігі керек. Ел бір болса, ауызбіршілік болса, бүкіл Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілдері Қазақстанды Отаным деп санайтын болса, елдің іші тыныш болса, сонда жақсы жағдайға қолымыз жетеді.

Қолымызда егемендік тұрғанда, мемлекетіміз тәуелсіз болып тұрғанда Қазақстанның өзі кеңшілік көрсетіп, Қазақстандағы негізгі ұлт ретінде барлық ұлттарға қамқорлық көрсететін кезі келді. Соның ішінде, ең алдымен, өз халқымыздың – қазақ халқының басы бір болмаса, ешқандай егемендікті біз қолға ұстап тұра алмаймыз. Сондықтан да, менің талай жерде айтып жүрген сөзім бар. Тағы да сіздердің алдарыңызда тұрып, қасиетті, киелі Ұлытаудың етегінде тұрып, мына ескерткіш орнататын, елді бірлікке шақыратын құлпытастың жанында тұрып айтарым:

Біз өткен ғасырдағыдай, оның ар жағындағыдай ру-руға бөлініп, жүзжүзге бөлініп, әр ауыл өз батырын сайлаған пәледен құтылуымыз керек. Елдің басы бірікпесе, быт-шыт болып кетеміз. Онда көлденең көк атты келеді де, басқара береді. Солай болған. Сол саясатты патша үкіметі де, одан кейінгі Кеңес империясы да жүргізген. Бізді жан-жаққа бөліп, әдейі бірбірімізбен төбелестірді, ұлтымызды әлсіретті. Содан кейін кім басқарғысы келсе, сол басқарды.

Менің замандастарым, үлкен ағалар мен аталар ұрпақты бірлікке, Отанын сүйуге, халықты сүйуге, халқына аянбай қызмет етуге тәрбиелеуі керек. Ұлт – тек өз басыма, маған ғана керек мәселе емес, халыққа керек, елге, жерге керек.

Осындай ұшан-теңіз даланы, осын ай кең байлықты ата-бабамыз ат пен жүріп сақтады. Біз сақтап қалуымыз үшін не істеуіміз керек? Бас біріктіруіміз керек. Еңбектенуіміз керек, талпынуымыз керек. Жаңа экономикаға түскен демократиялы мемлекет болу үшін, дүние жүзіндегі барлық мемлекет бізді сыйлауы үшін, құрметтеуі үшін, біздің тереземіз солармен тең болуы үшін еңбек ету керек, талпыну керек. Жамандықтан аулақ болу керек. Жақсылыққа ұмтылу керек. Бірбірімізге көмектесуіміз керек».

Ұлытауда биыл көктем ерте шықты. Жер көгерді. Айнала хас суретшінің портретіндегідей көрікті көрініске айналды. Аққулар да, тырналар да, құс атаулы жылдағыдан әлдеқайда ертерек ұшып жетті.

Хан ордасының кең жазығы алыстан көз тартатындай сұлулана түсті.

– Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлытауға алғаш атбасын тірегеніне 20 жыл толмақшы. Уақыт деген зуылдап өтіп жатыр. Сол кезде дүние есігін

ашқан жастар бүгінде ат жалын тартып мінген азамат болды. Қыздар сыланып, бойжетті. Еліміз тамаша табыстарға ие болды. Мемлекет басшысы бізге бір соғатын шығар. Әйтеуір, не де болса дайын болайық деп үміт құшағында жүрміз, – дейді ұлытаулықтар Астана жаққа бір қарап қойып.

Ұлытау жерінде тағы бір дүбір басталды. Ол – еңбек дүбірі.

Ұлытау жерінде тағы бір күй шырқалды. Ол – еңбек күйі.

Ұлытау жерінде тағы бір әдемі саз шырқалды. Ол – сағыныш сазы.

Ұлытаулықтардың Елбасын асыға күткен сағынышы!

Айтбай СӘУЛЕБЕК
Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты.

Қарағанды облысы.